

Төрге шық, тәмам жұрттың төл мейрамы!

Álhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY

Aqtoғai aýdandyq qoғamdyq-saiasi basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

№13 (7902)

Жұма
17 наурыз
2023 жыл

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді ежелден жаңғыру мен жанарудың белгісі ретінде тойланып келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймын!

Ғасырлар қойнауынан жеткен көктемгі күн мен түннің теңелген жарқын да ізгі мерекесі біздің заманымызда жанаша әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің даналығын жаңғыртып, оларды біздің өмірімізге қайта әкелуде. Онда халқымыздың кендігі мен жомарттығы, ең тамаша ұлттық ерекшеліктері – қонақжайлылығы мен ізеттілігі, қайырымдылығы мен кенпейілдігі сақталған.

Жыл басы – Наурыз бүкіл қазақстандықтар үшін жалпыхалықтық мерекеге айналып, еліміздің түкпір-түкпірінде салтанатты түрде тойлануда. Тарихи тамыры тереңге жайылған өз-Наурыз – дана халқымыздың қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Ұлы даланың биік рухымен, Тәңірге сыйынған тәкаппар мінезінен басталатын Наурыз – халқымыздың тірлігі мен бірлігінің, ырысы мен берекесінің көрінісі, биік рухымыздың, ерелі мәдениетіміз бен өнеріміздің, салт-дәстүріміздің, тіліміз бен діліміздің өзегі.

Қадірлі жерлестер!

Өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңейетін кезеңінде еліміз тыныш, байтақ даламыз аман болып, әрбір жаңа күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Құрметпен, Ақтоғай ауданының әкімі Р.Кенжебеков.



НАУРЫЗ-БАТА



Ақтоғай ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Жанқабыл Қызылбаев

Бисмилләһ-и-Раһман-и-Раһим

Өз-Наурыз – Жаңа жылымен,

Әумин деп, қолың жай.

Мен бір бата берейін,

Бергенде бата не дейін?!

Әуелі Құдай ондасын,

Малың менен басыңа,

Еш жамандық болмасын.

Берекелі бақ қонып,

Бірдей өссін мал-басың.

Несібен артып күн сайың,

Өзегің ешбір талмасын.

Жаратқан Жаббар жар болып,

Пендеге күнің салмасын.

Жаратушы күдірет,

Жарылқаудың қамын ет.

Қайырлы ғұмыр кешуді

Ұрпақтарға нәсіп ет.

Көл-көсір өмір бер,

Пайғамбардай дана бер.

Фатимадай ана бер,

Мың жылдық сана бер!

Әр ошақтың астатөк асы болсын,

Қонағы көп, көрісі, жасы болсын.

Ұжымдарың жарасып, бірігіңдер,

Наурыз тойы береке басы болсын!

Оқырман назарына!
Мереке күндеріне байланысты
газетіміздің келесі саны 31
наурызға шығады.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Мемлекеттік қызметкерлер ісі пысықталды

Наурыз айының 14-інші жұлдызында ауданымызға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Е.Жолданғар мен облыстық көсіпкерлік палатасының құқықтық сұрақтар бойынша директорының орынбасары А.Асқаров арнайы іссапармен келді.

Аймақ орталығынан арнайы келген ел ағалары бірінші кезекте Ақтоғай

ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында алқалы жиын өткізді. Аталмыш шараға өңір басшысы Р.Кенжебеков пен аудандық мекеме, бөлім басшылары, бірқатар мемлекеттік қызметкерлер, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты. Жиынды ашқан Р.Айтықенұлы меймандар мен жиынға қатысушыларды таныстырып өтті.

Келесі кезекте Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы

бойынша департаментінің басшысы Е.Жолданғар сөз тізгіндеді:

– Қайырлы күн, құрметті жиынға қатысушылар! Агенттіктің бекіткен жоспарына сәйкес, бүгін Ақтоғай ауданына сапарлап келдік. Біз бұл жиында мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның атқарып жатқан жұмыстары мен қолданып жатқан шаралары жөнінде және мемлекеттік қызметкерлер қолданған талаптар мен нормаларын (Жалғасы 2-бетте).

(Соңы. Басы 1-бетте).

талқыламақшымыз.

Сондай-ақ, аталмыш агенттіктің алда тұрған жұмыстары жөнінде ақпарат бермекпіз.

Құрметті әріптестер! Баршаңызға мәлім, былтыр ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1-ші қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және жұмыстан босату жүйесін заман талабын ескере отырып, қайта жасау қажет. Мемлекеттік қызмет жеке сектордағы кәсіби мамандар үшін барынша ашық болғаны дұрыс. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі толыққанды стратегиялық HR институтына айналуы тиіс. Үкімет Агенттікпен бірлесіп, бүкіл әлемдегі азаматтарымыздың әлеуетін жұмылдыру үшін арнайы платформаны іске қосу керек» деген тапсырма берген болатын. Президентіміздің пәрменінің шеңберінде агенттікте бірқатар

«Экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажет. Жұрт бос сөзден, жарқын болашақ туралы жалынды ұрандардан жалықты. Халық мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.



жұмыстар жүргізіліп жатыр, – деп, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы агенттікте атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде сөз қозғады.

Бұдан кейін облыстық кәсіпкерлік палатасының құқықтық сұрақтар бойынша директорының орынбасары А.Асқаров талай жылдық тәжірибесіне иек арта отырып, мемлекеттік қызметкерлердің мәртебесі хақында өз пікірін білдірді. Жиып соңында қатысушыларға сөз кезегі берілді.

Аталмыш шара аяқталғаннан кейін А.Трайкенұлы сан түрлі сауалмен келген ауыл тұрғындарын жеке қабылдады. Ізін ала облыс орталығынан келген атқамінер қауым аудан орталығындағы халыққа қызмет көрсету орталығы мен Ақтоғай ауылы әкімдігіне арнайы бас сұғып, ондағы мемлекеттік қызметкерлермен жүздесіп қайтты.

Е.АЙТЖАН.

Құқық заңнамасы

2021 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті ұсынбағаны үшін жария мүдделі тұлғаларға қатысты 2022 жылы қолданылған әкімшілік шаралар туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының 28.02.2007 жылғы №234 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 19-бабына және «Қаржылық есептілік депозитарийін құру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.12.2008 жылғы №1228 Қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оған қаржылық есептілікті ұсынатын жария мүдделі ұйымдар үшін қаржылық есептілік депозитарийі құрылды. Депозитарий деген жыл сайын ұйымдар ұсынатын жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептерді, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты пайдаланушыларға ашық қолжетімділікпен қамтитын электрондық деректер базасы (www.dfo.kz веб-сайты).

Заңның 1-бабына сәйкес жария мүдделі ұйымдар, ол – қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар (коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда), жер қойнауын пайдаланушы ұйымдар (кен таралған пайдалы қазбаларды өндіруші ұйымдарды қоспағанда) және жарғылық капиталында мемлекет үлесі бар ұйымдар, сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар. Қарағанды облысында депозитарийдің деректер базасында 294 жария мүдделі ұйымдар бар.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы №94 бұйрығымен бекітілген Депозитарийге қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларының 3-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Қағидалар), ұйымдар (есепті кезең ішінде әрекетсіз және есепті кезеңнің 1 қаңтарына дейін банкрот деп

жарияланғандарды қоспағанда) жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей депозитарийдің интернет-ресурсы арқылы салалық заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген, депозитарийді жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын уәкілетті болып айқындалған ұйымға жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

2022 жылы Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) депозитарийге жылдық қаржылық есептілікті уақтылы ұсынбағаны үшін 25 жария мүдделі ұйымды Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 239-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартты, яғни Ережеде белгіленген мерзімде уәкілетті ұйымға қаржылық есептілікті ұсынбауы. Департаменттің және Қарағанды облысы соттарының қаулыларымен жалпы сомасы 8 882,7 мың теңге айыппұл түріндегі әкімшілік айыппұлдар салынды.

Қағидалардың 6-тармағына сәйкес жария мүдделі ұйымдар Уәкілетті ұйымға электрондық форматта аудиторлық есепті де ұсынады. Қаржылық есептіліктің міндетті аудитін жүргізуден жалтарғаны және депозитарийге аудиторлық есепті ұсынбағаны үшін 9 жария мүдделі ұйым Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 250-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 382,9 мың теңгеге айыппұл салынды.

Б.Алтынбеков,
Қарағанды облысы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің
бас маман-мемлекеттік аудиторы.

Информация по административным мерам, принятым в 2022 году в отношении организаций публичного интереса за непредставление годовой финансовой отчетности за 2021 год

В соответствии со статьей 19 Закона РК «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 28.02.2007 г. №234 (далее Закон) и постановлением Правительства Республики Казахстан «О мерах по созданию депозитария финансовой отчетности» от 23.12.2008 г. №1228 создан депозитарий финансовой отчетности для организаций публичного интереса, которые сдают в него финансовую отчетность в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан. Депозитарий – электронная база данных, содержащая годовую финансовую отчетность и аудиторские отчеты, ежегодно сдаваемые организациями, а также информацию о корпоративных событиях акционерных обществ, с открытым для пользователей доступом (веб-сайт www.dfo.kz).

Согласно статье 1 Закона, организациями публичного интереса – являются финансовые организации, акционерные общества (за исключением некоммерческих), организации недропользователи (кроме организаций, добывающих общераспространенные полезные ископаемые) и организации, в уставных капиталах которых имеется доля участия государства, а также государственные предприятия, основанные на праве хозяйственного ведения. В Карагандинской области в базе данных депозитария числятся 294 организаций публичного интереса.

В соответствии с пунктом 3 Правил сдачи финансовой отчетности организациями публичного интереса в депозитарий, утвержденных приказом Министра финансов Республики Казахстан от 28 января 2022 года № 94 (далее Правила), организации (за исключением бездействующих в течение отчетного периода и объявленных до 1 января отчетного периода банкротами) ежегодно не позднее 31 августа года, следующего за отчетным, представляют через интернет-ресурс депозитария в организацию, определенную уполномоченным на осуществление деятельности по ведению депозитария, утвержденную в установленном отраслевым законодательством порядке, годовую финансовую отчетность.

Департаментом внутреннего государственного аудита по Карагандинской области (далее Департамент) в 2022 году за несвоевременное представление годовой финансовой отчетности в депозитарий привлечены к административной ответственности 25 организаций публичного интереса, по ст. 239 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, то есть за непредставление финансовой отчетности в уполномоченную организацию в сроки, определенные Правилами. По решениям Департамента и судов Карагандинской области наложены административные взыскания в виде штрафов на общую сумму 8 882,7 тыс. тенге.

В соответствии с пунктом 6 Правил, организации публичного интереса, представляют в Уполномоченную организацию также аудиторский отчет в электронном формате. За уклонение от проведения обязательного аудита финансовой отчетности и непредставление аудиторского отчета в депозитарий 9 организаций публичного интереса привлечены к административной ответственности по ст. 250 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях на сумму штрафа 382,9 тыс. тенге.

Б.Алтынбеков,
Главный специалист-государственный аудитор
Департамента внутреннего государственного аудита по Карагандинской области.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРДІҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
КАНДИДАТА В ДЕПУТАТЫ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Әділ және шынышыл сайлау – біздің өркендеу жолымыз!

Бәріміз бірге өмірімізді жақсартамыз!

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі
депутаттығына Қарағанды облысы №19 бірмандатты
округі бойынша үміткер
Абдрасилов Болатбек Серікбайұлының өмірбаяны**



Мен, Абдрасилов Болатбек Серікбайұлы 1958 жылы 15 шілдеде дүниеге келдім, ұлтым

қазақ, көпбалалы, қарапайым жанұядан шыққанмын. Қазақстан Ұлттық академиясы және Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигімін, биология ғылымдарының докторымын.

Белгілі ғалыммын. Ресей Ғылым академиясының Биофизика институтында кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғадым. Оқытушыдан университет ректорына дейінгі барлық сатылардан өттім. Білім, ғылым, мемлекеттік басқару жүйелерінде үлкен жұмыс тәжірибем бар.

Менің басты өмірлік ұстанымым – аға буынға құрметпен, ілтипатпен қарау, жастарды қолдау, адамдармен әділ және адамгершілік қарым-қатынаста болу.

Сайлауалды бағдарлама

Өңірдегі ардагерлер, жастар, спорт, кәсіподақ ұйымдарының қолдауымен Мәжіліс сайлауына өзін-өзі ұсынуды ретінде қатысуға шешім қабылдадым. Мен үшін сайлауға қатысу – менің өмірлік қағидаттарыма, жинақталған кәсіби тәжірибем, еліміздің және Қарағанды өңірінің дамуына өз үлесімді қосудың нақты мүмкіндігіне негізделген саналы, салмақты шешім. Мәжіліске қойылған мақсаттарға қол жеткізе алатын, табысты жұмыс тәжірибесі мол адамдар сайлануы тиіс.

Біздің қоғам өз дамуының бетбұрыс кезеңінде және әділ, шынышыл сайлау – бұл билік пен халықтың өзара түсіністік пен ынтымақтастық жолына өтудегі дайындығымызды тексеру.

Мен ешқандай партияның мүддесін білдірмеймін. Халық сайлаған депутат ретінде мен Парламентте Қарағанды облысының тұрғындарының мүдделерін тікелей білдіріп, олардың мәселелерін мемлекеттік деңгейде шешуге ұмтыламын.

Мен бар күш-жігерімді жұмсай отырып, орындаймын:

- өңірдің экологиялық мәселелерін шешуді;
- металлургия саласының шахталары мен кәсіпорындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, инфляцияның өсуін ескере отырып, қызметкерлердің жалақысы мен зейнетақысын арттыру;
- өңір тұрғындарын жылумен тұрақты қамтамасыз ету;
- жолдарды қайта құрылымдауға және жөндеуге бюджеттен қаражат болу;
- мемлекетке ауыл шаруашылығының қолданылмаған жерлерін қайтару және ауыл тұрғындарына жасайлымыздық жерлер беру;
- білім беру және денсаулық сақтау жүйесін мемлекеттік қолдау, оның қызметкерлерінің беделін арттыру бойынша мемлекет деңгейінде шаралар қабылдау;
- өңірден жастардың кету мәселелерін шешу, олардың бос уақытын тиімді пайдалануына жұмыстар жасау;
- балалар мен жасөспірімдер спорты, бұқаралық спорт және спорттық инфрақұрылымды дамыту;
- облыс тұрғындарының мүдделерін қорғау мен мәселелерін шешу үшін әкімдіктермен және мәслихаттармен тиімді өзара іс-қимыл жасау!

Құрметті сайлаушылар!

Мен сіздердің сенімдеріңізді ақтау үшін бәрін жасаймын! Өмірімізді жақсартып, мәселелерімізді шешу үшін бар күш-жігерімді, білімім мен тәжірибемді жұмсайтын боламын!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Справедливые и честные выборы – путь к нашему процветанию!

Мы вместе сделаем нашу жизнь лучше!

**Биография кандидата в депутаты Мажилиса
Парламента Республики Казахстан по
одномандатному округу №19
Карагандинской области Абдрасилов Болатбек
Серикбаевича**



Родился 15 июля 1958 года, казах, выходец из простой, многолетней семьи. Доктор биологических наук, академик Казахской национальной и Российской академий естественных наук.

Известный ученый. Кандидатскую и докторскую диссертации защитил в Институте биофизики Российской академии наук. Прошел все ступени от преподавателя до ректора университета. Имею большой опыт работы в системе образования, науки, государственного управления.

Главные жизненные принципы – это справедливое, внимательное отношение к людям, поддержка молодежи, бережное и уважительное отношение к старшему поколению.

Предвыборная программа

Я решил принять участие в выборах в Мажилис как самовыдвиженец, при поддержке ветеранских, молодежных, спортивных, профсоюзных организаций региона. Участие в выборах для меня - осознанное, взвешенное решение, которое основано на моих жизненных принципах, накопленном профессиональном опыте и на реальной возможности внести свой вклад в развитие нашей страны и Карагандинского региона. В Мажилис должны быть избраны люди с большим опытом успешной работы, которые могут достичь поставленных целей.

Наше общество находится на переломном моменте своего развития и справедливые, честные выборы – это проверка нашей готовности к переходу на путь взаимопонимания и сотрудничества власти и народа.

Я не представляю интересы какой-либо партии. Как депутат, избранный народом, буду напрямую представлять интересы жителей Карагандинской области в Парламенте, добиваться решения их проблем на государственном уровне.

Буду добиваться:

- решения экологических проблем региона;
- обеспечения безопасных условий труда на шахтах и предприятиях металлургической отрасли, повышения заработной платы и пенсий работников с учетом роста инфляции;
- стабильного обеспечения теплом жителей нашего региона;
- выделения средств из бюджета на реконструкцию и ремонт дорог;
- возврата государству неиспользуемых сельхозземель и предоставления пастбищ и угодий жителям сел;
- государственной поддержки системы образования и здравоохранения, принятия мер на уровне государства по повышению престижа ее работников;
- решения проблемы оттока молодежи из региона, улучшения их досуга;
- развития детско-юношеского и массового спорта и спортивной инфраструктуры;
- эффективного взаимодействия с акиматами и маслихатами для отстаивания интересов и решения проблем жителей нашей области!

Уважаемые избиратели!

Я сделаю все, чтобы оправдать ваше доверие! Приложу все усилия, знания и опыт, чтобы решить наши проблемы, чтобы сделать нашу жизнь лучше!

(Оплачено из средств республиканского бюджета).

Бақ-берекем, құт мерекем – әз-Наурыз!

Наурыздың түп-тегі қайдан шыққан?

Бұл туралы жазушы, публицист Уақал ҚЫДЫРХАНҰЛЫ былай дейді:

– Негізі әлі анықталған жоқ. Аңыздына, оның атасы Мәшһүр Жүсіп бабамызға құлақ түрсек, тым алысқа кетеді. «Нұх кемесі топан судың толқынында алты ай, он күн тербеліп жүріп, Мухаррам айының бірінші күні Қазығұрттың басына тоқтапты» – дейді. Ол – күн мен түннің теңелген сәті екен.

Содан топанға тоғытылып кетпегеніне қуанып, қалған құтқан азық-түлігімен той жасапты, Наурызды тойлау содан бастап Нұхтың үш ұлының (Хам, Сам, Иафас) ұрпақтарына мұра болып қалыпты, – дейді. Бақсақ, Наурыз адамзаттың екінші атасымен бірге туған болып шығады.

Нұх топаны Құранда да («Нұх» сүресі) бар. Бірақ, онда Қазығұрт емес, Жуди тауы айтылады. Ай-күні де жоқ. Сонша дәл деректі Мәшекемнің қайдан алғанына зейінім жетпеді де басқаны іздей бастадым...

«Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9-(22) наурыздағы санынан Әлихан Бөкейханұлының «Әлем күнтізбелерінің тарихы және оның маңыздары» деген мақаласы табылды (Наурызды осы газетте 1917 жылы А.Байтұрсынұлы да, 1923 жылы «Еңбекші қазаққа» М.Дулатұлы да жазыпты).

«Әлемдегі алғашқы күнпарақ Ғайсадан 5000 жыл бұрын Тигр, Ефрат Аңғарында өмір сүрген Вавил (Шумер) елінде жасалған халдей күнтізбесі еді», – дейді данышпан. Онда жыл басы етіп күн мен түннің теңелу сәтін алған. Ұлы көштер кезінде Халдейлер ыдырап, билік парсыларға өткенде, ол Наурыз (Ноу – жаңа, руз – күн) аталды. Одан Григориан календарлары шықты да, Халдейді де, наурызды да ығыстырды. Бірақ, астрономиялық дәлдік жағынан жыл басын Халдей күнпарағы бойынша жүргізген дұрыс еді...» деп жазады Әлихан Бөкейханұлы. ...Наурыз – табиғат таразысы теңелген дәлдік сәті. Осы айдың 21-23-інде күн мен түн теңеледі. Суық пен жылылық ауысады, қыс пен көктем қауышады. Көкте нұр көбейеді. Жерге жылылық жайылады. Тіршілік бусанып көгереді, тамырына нәр өседі. Олай болса, «Жыл басы Наурыз болғаны жөн» деп санайды ғылым...

Қасымхан Бегманов.

«Дәстүр: кеше, бүгін, ертен».

(Ғаламтордан алынды).

Қарашы, қандай ғажап, ә?! Бір-бірінен жұбын жазбастан, бірінің ізін бірі қуалай, киіз бетіне қонған өрнектер бейне бір кешегі күннің хабаршысындай. Осынау талыстай ғана сырмақ – тұтас қазақтың дүниетанымы мен тұрмысынан, мәдениетінен сыр шертіп тұрғандай. Байқайлап байқасаңыз, әрбір ою

көзіндей болған жандар ортамызда жүр. Олар да шама-шарқынша анадан балаға мирас болған дегдар өнерді дәріптеп, кейінгі буынды баулып жүр. Сондай жанның бірі – шабанбайлық Бақыт Құлымжанова.

Иісі түркі халқына ортақ мейрам – Ұлыстың ұлы күні, әз-Наурыздың қарсаңында, кешқұрым Бақыт

өз бетімше үйрәндім. Жасымнан осы қолөнерге үйір болдым. Қазіргі уақытта хоббиге айналды. Бұрын көзін көрген үлкен кісілер «Бәтеш шешене тартқансын» дейді. Ол кісі де уақытында он саусағынан өнер

Өнерлінің қолы алтын

қойнына өзіне тән мән-мағына бүркеп жатыр. Оны аңғару үшін салқын ақыл мен биік талғам қажет.

Әлімсақтан қазақтың табиғатпен кіндігі бір. Кешегі артынып-тартынып, мыңғырған малын алдына салып, көшіп-қонып жүрген шағында бабаларымыз табиғаттың тылсым үнімен ежеттес болған. Кейін отырықшылыққа бет бұрып, заманның ыркына қарай технология атаулыға иек артқалы, қоршаған ортадан қол



үзіп, оқшауланып барамыз. Алайда, адам баласы табиғаттың өнімсіз өмір сүре алмайтынын, керісінше табиғат адамсыз өркендей беретінін ұғынуымыз қажет. Біздің ертедегі аталарымыз осы бір пайымды бар жанымен түйсінген әрі түсінген. Сондықтан болар, қоршаған ортадағы кез келген жаратылысты бағалап, оларды күнделікті тұрмыстарына арқау етіп, дәріптеуге барынша тырысқан. Бұл оймақтай ой жоғарыдағы сырмақ бетіне қонған қошқар мүйіз оюынан бастау алды.

Қазіргі уақытта көз майын тауысып, бірін-біріне өбістіріп, іс тігіп, қолөнермен шұғылданатындар текен-саяқ. Бар болса да бұрынғыша әрбір аулада өбден пісіріп, иін қандырған киізді астына төсеп, арқасын күнге тосып, сабақтап алған инесін камзолының өңіріне қадай салып, бір саусағына жезді оймағын іліп алып, мандайы шып-шып терлеп, ыңылдап отырып, іспен шұғылданатын әжелерді көрмейміз-ау. Десе де, сол бір өзі бірнеше адамның шаруасын тындыратын, кеудесі көмбе, ақылы дария асыл әжелеріміздің

апамыздың үйіне бардық. Табалдырықтан аттағаннан іскер адамның қолының табы мәнмұндайды. Барлық дүние қолмен қойғандай тап-түйнақтай, жинақы. Кейіпкеріміз бала-шаға, нәмересінің басын қосып, кешкі асын алдына алып отыр екен. Біз де қазақы ғұрыппен жағалай амандасып, саулық сұрастық. «Мадақтап жүреді екенсін» десіп, ол кісілер де бізді дастархан басына шақырды. Сонымен, киімімізді жеңілдетіп, ыңғайлап, біз де жайғастық. Ауылдың адамы болғаннан кейін бір-бірімізден мал-жанның амандығын, қыстан қалай шығып жатқанымызды сұрап, әңгіме түйінін тарқаттық. Бір мезет, отырғанның баршасы ойға шомып, үстел басында аз-кем тыныштық орнағанда, Бақыт апамызға көптен көкейде жүрген сауалды жолдалдық:

– Ләле (ауылдағы кейінгі жастар Ләле деп атаймыз), сіз осы қолөнерді қайдан үйрәндіңіз?

– Ертеде, мектеп қабырғасында қыз балаларға әрқилы қолөнер түрлерін үйрететін, тоқыма тоқуды сол кезде меңгердім. Ал құрақ құрау, басқа да істерді

тапқан адам болған екен, – деп, Бақыт апамыз әңгіме бастады.

Бақыт Құлымжанова 1956 жылы сол уақыттағы Ұлы Октябрь колхозында дүниеге келген. 1964 жылы Жінішке фермасындағы мектеп табалдырығын аттап, орта мектепті «Қаратал» совхозындағы онжылдықтан тәмамдаған. Үлкендердің айтуы бойынша кеңес дәуірінде мектеп жөне жоғарғы оқуды бітірген, әскери борышын өтеп келген азаматтарды бірден жұмысқа орналастырып, мойнына міндет жүктеген. Бақыт апамыз да мектеп бітірісімен көптен бірігіп, комсомол-жастар бригадасын құрып, 2 жыл табан аудармастан мал шаруашылығының өркендеуіне атсалысқан.

Кейін 1977 жылы Алланың қалауымен, дәм-тұздары жарасып, Сандыбай ағамызбен шаңырақ көтерген. Бүгінде ұлды ұяға, қызды қияға қондырған асыл ана.

Бүгінде төңіректегі ел киімі сәтінеп, көрпе-жастықтарының өңі қашса, салған күйінде Бақыт апамызға апарып, дүние қатарына қосып қайтады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген емес пе?! Біз де алақандай мақаламызбен айнала ағайынға қол ұшын созып, қазақтың ұлттық бекзада өнерін дәріптеп жүрген жанды көпшілікке үлгі етіп көрсеткенді жөн санадық.

Е.АЙТЖАН.

Тағлым талбесіктен басталады

Наурыз – шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, яғни, Ұлыстың ұлы күні. Ал қазақ сонау қалым заманнан бұл мерекені тайлы-тұяғымен асыға күтіп, ерекше атап өткен. Қазақ халқы Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айналдырған. Аталмыш ұлы мерекеге орай аудан орталығындағы «Аққыз» бөбекжайында іс-шара ұйымдастырылды.

Қазақ халқының мәдени мұрасы мен салт-дәстүрлері және ұлттық ойындарымен таныстыру арқылы шығармашылық жұмысқа тарту, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттері, қызығушылықтарын, белсенділігін арттыру. Жылыған қауым Наурыздың ерекшеліктерін көңілге тоқыды, санада қайта жаңғыртты. Тіпті, «Жұлдыз» ортанғы тобында

арнайы ұйымдастырылған «Текемет басу» рәсімі де әсерлі түрде өтіп, көпшіліктің көңілінен шықты. Байғаскина Құндыз әжеміз бастаған ата-аналар балаларға текемет басудың жолдарын көрсетіп, бөрімізді қуантты.


Текемет – киіздің бетіне көркемдеп түрлі ою-өрнек салып басылған үй бұйымы. Ол тек төсеніш ретінде қолданылған. Ертеде киіз үйдің еденінен сыз өтпеу үшін жерге шыпта ши төсеп, оның үстінен бетіне көркемдеп түрлі өрнек салып басылған текемет төселетін. Текемет көбінесе ақ немесе кара түсті болып келеді. Яғни, оның түсі кара түсті болса, бетіне тартылған ою-өрнегі ақ түсті, немесе керісінше, төсегі ақ түстен тандалса, оюы кара түсті болады. Сонымен қатар, текеметтің өнін аша түсу үшін, оның кара немесе ақ түсті төсегіне түрлі яғни, ою-өрнекті қызыл сары, жасыл күлгін түске боялған



жүннен салған. Тәрбиеленуші балалар әже-аналарына арналған мерекелік өн мен биден шашу шашты. Ертенгіліктің соны түрлі ойындар мен «Қара жорға» биімен қорытындыланды. Әр баланың қойған қойылымдары, айтқан

өндері мен билерінен ерекше дайындық көрінді. Тамашалауға келген біршама ата-ана балаларының осыншама талантты екенін байқап, бір марқайып қалды.

А.Абдиқаримова,
«Аққыз» бөбекжайы.



Тоқырауын-Балқаш бойының
Балуан Шолағы

«Әрқашан да ақжарқын,
Өзгермеген қалыбы.
Кесек тұлға Моншекен,
Бұл ортаның алыбы».

Кенжебеков Алшымбек.
(Құлыптастағы жазу).

Жауырыны жерге тимей кеткен ба-
луандығымен, бөйгеге жүйрік қосқан
бапкер-сыншылығымен, іс басқарудағы
ұйытқы-ұйымдастырушылығымен қабат
серіжандылығымен аңыздық сипатты еске
түсіретін Моншақбай Жантулақов ерлік
пен өрліктің рухын көтерген нағыз сегіз
қырлы, бір сырлы жан еді.

Қатар жүріп дәм-тұзы жарасқан
Моншекеннің кісілігі мен кішілігінен
өнеге алған орта буын өкілдерінің көбі ол
жайлы сөз бола қалған жерде өздерінің
көріп-білгендерін таласа айтып, желпініп
көтермелей сөйлеп, тамсана еске алатын.
Мен өзім сол кісіні сонау қыркыншы
жылдардың сонын ала, ес тоқтата қоймаған
5-6 жас шамасында «Чапаев» колхозында
көріппін. Мейлінше зор, қапсағай дөңелі,
толық кісі екен. Өзінің дәне бітіміне сәйкес
астына мініп жүретін «Ардакер» деп
аталатын айғыры да шомбал болатын.
Абайдың «Аттың сынына» арнаған
«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ»
деген өлеңінде:

«Ұршығы төмен біткен шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.

Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,

Арты талтақ, ұмасы үлпершекті» деген-
дейін, осы «Ардакердің» алды аяндап,
арты бүлкілеп талтаңдай жөнелетінін
қара сирақ ауыл балалары балуанның
сонынан ере түсіп, теңселе басқан өзін,
біресе талтаңдай жөнелетін айғырын
салып, ертегілерде айтылатын алыптарды
көргендей мәре-сәре болып қалатынбыз.
Бұл балалық түйсік қабылдаған алғашқы
көріністер.

Ал, ол кісінің болмыс-бітімін, адам-
гершілік қасиеттері мен өнерпаздығын
кейін, есейгенде араласа-құраласа
жүріп андадым. Ат жалын тартып
мінген алғашқы іссапарым Моншекен
мекендейтін бұрынғы XXII партсъезд
(кейіннен Нарманбет ауылы) атындағы
шаруашылыққа түсті. Ертең жүрем деп
отырған күннің іңірінде Шайкен ағатайым:

– Іссапарға жүрмекші екенсің, көрмеген
елдің ой-шұңқыры көп. Сен барғалы
отырған шаруашылықты біраз жыл

Елдің атын ер шығарады

Төмендегі мақала жауырыны жерге тимеген Моншақбай Жантулақовтың (1902-1968) туғанына 100 жыл толуы қарсаңында Балқаштан шығатын «Сырлас» газетінің 25.07-02.08.2002 жылғы саны мен «Тоқырауын тынысының» сол жылғы 25-ші тамызында жарияланған еді.

Содан бері бір ұрпақтың туып жетілуіне 20 жыл толыпты. Соған орай ата есімін жаңғырту мақсатымен кейіннен табылған деректермен байытып, оқырман қауымға қайыра ұсынуды жөн көрдім. Бұған Моншекеннің бешпегінің Балқаш қалалық музейіне қойылуы да ойтүрткі болды.

басқардым. Ел басқарған адамның ісіне сыншы көп болады. «Елге жақсаң да, өнеме жақпайсың» деген мәтел бар. Балалыққа ұрынып қалма. Ол жерде біраз туыстар бар. Көбі сені біле бермес. Екі өкең бар, барып сәлем берерсің. Бірінің үйіне түс, – деп Моншекен мен Төлетаев Сламбек ақсақалдардың аттарын атады.

Құдай оңдап, шаруашылыққа келген бетте кеңсе алдында Моншекенді көріп, сәлем бердім.

– Танымадым, қай баласың... – деді. Мен жөнімді айттым. Бассалып құшақтап әкетті. Басы-көзімнен сүйіп, қысып өлтіріп барады. Қатты қысқаннан тұншығып қала жаздағанымды андаған болуға тиіс, бір кезде босатты-ау. Елдің, ағайын-туыстың амандығын сұрады. Өзімнің келу себебімді айтып, Шайкен ағатайымның сәлемін жеткізіп, Сламбек ақсақалдың үйін сұрадым.

– Жүр, өзім ертіп барайың, сәлем бергенің жөн. Жақсылықтың бастау көзі – дұрыс сәлем берумен, оны шын пейілмен қабыл алудан басталады. Мұны әлгі қортық өкең Шайкен дұрыс жеткізген екен, – деп бар дөңесімен селкілдеп күліп алды.

Слекен үйінде қызықты жай болды. Сәлемдесіп танысқан соң, екі шал маған талассын.

– Шешің, қонақ боласың, қайтқаныңша ешқайда жібермеймін, – деп Слекен қыстаса, Моншекен:

– Жоқ, сенікі болмайды. Маған бұрын сәлем берді, жол менікі. Үйге ертіп кетемін, – деп алды-артыма қаратпай қолымнан ұстап, сүйрей-мүйрей далаға алып шықты. Қарасудың онтүстік-шығыс шетіндегі оқшаулау жынғыл қоршаған үй-жайына алып келіп, бөйбішесі Шортан шешемізге, Тілеуқабылға, оның келіншегі Клараға таныстырып жатыр. Сәл тыныстаған Моншекеннің түсі сұрлана түсіп: «Балам, сен біле бермессің, осыдан 10-15 жыл бұрын Тілеуқабылдан кейінгі төрт бірдей перзенттерімізден айырылып, зар еңіреп қалғанбыз. Жылап жүргенде көз жасымызды құрғатқан кенжеміз біраз жылдардан соң дүниеге келді. Алла тағала алдында өткен ағаларына төлеу ғып берген шығар. «Арғымаққа тай төлеу» деген халық ұғымына сай атын Тайтөлеу қойдық. Еркелетіп Тайкен дейміз. Ол – мынау, алдындағы балалардан ересектеуі», – деп жінішкелу келген сұңғақтау баланы нұсқады. Жанындағылары Тілеуқабылдың сонынан ерген күшіктері Қосыбай, Бақыт, Аманқайыр, – деп нөмерлерінің аттарын атады.

– Ағаларыңа сәлем беріндер, – деп мені қажыдан келгендей, шетінен қол бергізіп шықты.

Шіркін, үлкендер-ай! «Өкең өлсе

де, өкенді көрген өлмесін» дегендей, аяқастынан әкелі-шешелі, іні-бауырлы болдым да қалдым. Бәрі де ақжарқын. «Қуырдақтың үлкенін түйе сойғанда көрерсің» демекші, сырттан Моншекенді жауырыны жерге тимеген балуан, жүйрік ат ұстайтын бапкер-сыншы деп қана түсінік қалыптастырған мен таңғажайып құбылысқа Ғабенше (Ғабит Мүсірепов) айтсам, «просто чудоға» тап болдым.

Оның алғашқысына қона жатқан бірінші түннің жатар мезгілінде тап болдым:

– Клара, қымыз әкел – деп келініне иек қақты. Осы сөзді естіген бетте: қыс айында бие сауып отырғандары шын ба? деп аң-таң болғаным рас. Өйткені, далаға кіріп-шығып жүргенімде бір-екі жабағы, тайдан басқа жылқы тұяғы көзге ілікпеген. Іле-шала келіні беті орамалмен жабылған тегенні, одан соң қақпақты шыны (эмаль) шелекті әкеп, Моншекеннің алдына қойды.

– Үй сыртында биелер көрінбейді, қыс ішінде бұл неткен қымыз? – деп бетіне қарадым.

– Мұны «қыстық қымыз – томыртқы» дейді. Қазір білесің. Ертеректе жылқы-шылар кезекке шығарда тамақ басу үшін, тонбас үшін ішетін. Қазір пайдаланушылар бар ма, жоқ па, білмедім. Бұл бізге жеткен ескінің сарқыты ғой, – деп эмаль шелектегі сұр қардан бір ожау алып тегеңдегі сорпаға қосып сапыра бастады. Сорпа бетіне қымызды сапырғанда шығатын көбіршіктер пайда болды.

– Тоғынды басады, терлеп жатасың, – деп кішірек тостағанға құйылған қоспаны маған ұсынып, өзі үлкен аяқты толтыра басына көтерді. Біраз мезгілден соң кекіргенімде аузыма қымыздың дәмі келгенін сездім. Осы бір көрініс Моншекеннің көп қырлы ерекшеліктерінің бірі болса керек. Оның осы әрекетін ұлтымыздың тұрмыстық өзгешеліктеріне қатысты деректердің ұмытылмай сақталып, кейінгі ұрпақтарға жетуіне қосқан үлесі ғой деп топшылады.

Қона жатқан 3-4 күннің кешкі мезгілінен түн ортасы ауғанша неше түрлі қызық хикаялы әңгіме, ататекті тарату, өткен-кеткен атакты адамдар, шешен билер, әрқилы батырлар, жауырынды балуандар, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан сәйгүліктер, т.б. тіпті, айтып тауыса алмас шежіре-тарих сөз болады. Солар туралы ақындар жырлаған қисса-дастандар мен өлең-жырлардан үзінділерді жатқа соғады. Бірауық нөмересі Бақытты қызықтырып, өзі үйреткен жеңіл өуенді әндерді қосыла айтады. Іле-шала қоңыр домбырасын қағып-қағып жіберіп, серілерше серпіліп, өліп-өшкен інкәрлікпен Балуан Шолақтың «Ғалиясын» шырқаса, бірде сазды да мұнды Біржан салдың «Теміртасын» зарлы үнмен тебіресе толғап, көзіне жас үйірілтеді.

Әнге сусындап отырған кездегі жан-

дүниенді елжіретер сәттерді сөзбен мазмұндап жеткізу мүмкін емес қой. Өйткені, төгілген ән-өуен, домбыра үнінен шыққан түрлі дыбыстық саздар адам түгелі әртүрлі аң-құстардың да сезім дүниесін жаулап, билеп алатын күдірет иесі ғой. Д.Д.Шостаковичше айтсақ, «Музыканы тек сезіну қажет».

Сонымен қабат іштегі құмыққан дауысты, ышқынған айқайды шығаратын осы музыка-ән екен. Бұдан өксік аралас ашыныс, кейде күйінішті сезінеміз. Таласбек Әсемқұлов: «Қайғы-қасірет – адамды басқа жөндіктен биік еткен жалғыз қасиет» деуі осындайдан айтылған болар. Шындығында, адамның артықшылықтары мен кемшіліктері осы қасиетке байланысты ғой. Ән-өуен орындаудағы әншілердің жеке ерекшеліктері жайлы бір ауыз болжам айтуға болатын сияқты. Жалпы дыбыс пен үн – тіршілік иесінің көбіне ортақ деп айтуға тұрарлық жайт. Ал, өнші-орындаушылардың қарым-қабілетін айқындайтын көп қатпарлы, құпиясы жұмбақ әлемінің бірі – олардың зор үнді дауысы. Осы үннен шыққан өуезді ырғақ – көңіл-күйдің айнасы іспетті екенін де сезіне аламыз...

Бір андағаным, қандай да әңгіме бастағанда немесе қисса-дастандарды жырлап кетсе де, айтып отырғандарын үзе, кідірте тұрып, домбырасын шертіп, ән шырқап жіберетін. Әмбе, мұны жиі қайталайтын еді. Домбыра сазы мен түрлі ән-өуендерді басынан өткен жастық дәурен, бозбалалық-бозбастық, өнерді мұрат тұтқан серілік, бойға да, ойға да сыймайтын табиғи алып күш, түрлі қиындықтар, аштық, қудалау зобаланы, соғыс ауырталығы, жеке өз басының үйелмелі-сүйелмелі төрт ұлынан: Жанғабыл, Ерғабыл, Елғабыл, Кенжеғабылдан бірер ай мөлшерінде айырылып қалған трагедиялы кейпі, т.б. күнделікті тұрмыстағы кейістік кездері болып сөйлеп, жанын бірде жабырқатып, бірде сабырға шақырып, бірде тәубеге келтіріп, бірде сағындырар сәттерді жиі қайталатып, елестетер рухани серігі, сезімін селт еткізер серпіліс қуаты ретінде тұтынады-ау деп ойлаймын.

Тындаушысын ән-өуенмен баурап, домбыра сазы арқылы жан әлеміне иелік студия өзі айтып жеткізе алмайтын тәрбие, сұлулық тәрбиесі ғой. Яғни, «Сезіммен тәрбиелеу – тәрбие атаулының ұлысы» деген даналық осыдан шықса керек. Өкініштісі сол, осы өнерлері дәріптеліп, бағаланбай, ауыл-үй аралық өлшем көлемінде ғана қалды. Өнер жолындағы ішкі әлемін тулатқан жөн-жобасы, жосық-жосыны, зейін зердесінің шындығы мен

Аманкелді Туғанбай,
нарманбеттанушы,
Қарағанды қаласы.
(Жалғасы бар).

Қазақтың салт-дәстүрі шарифатқа қайшы келмейді



Дін мен дәстүр ұғымы, мүфтияттың қолға алған мәселесі негізі дін мен дәстүрдің бір-біріне жат ұғым еместігін, ислам шарифатқа қайшы келмейтін дәстүрді жоққа шығармайтынын, сондай-ақ қазақ халқы сан ғасырлар мұсылман болғандықтан, салт-дәстүрлеріміздің басым көпшілігі асыл шарифатымыздан бастау алатынын, тіптен біте қайнаскандығын жалпы жұртқа жеткізу, сол арқылы халықтың мұсылманшылығын ояту еді. Себебі, қазіргі таңда қай көзқарастағы тараптан болса да дін мен дәстүрді қарама-қайшы қою әрекеттері байқалады.

Шарифатта салт-дәстүрлерге мынадай екі жағдайда орын берілген: нақты бір мәселені анықтап, айшықтамаған жерде шарифатқа қайшы келмейтін әдет-ғұрыптарға жүгінеміз деген ереже бар. Сондай-ақ, исламда анықталған, айқын көтерілген мәселе бойынша жалпы міндеттер бекітіліп, ал оның іске асырылу жолдары халықтың еркіне қалдырылады (мәселен, әйел адамның әуретін жауып киюге қатысты талап-шарттар шарифатта бекітілгенімен, киімнің түр-түсі мен басқа да сипаттары ұлттардың өз әдет-ғұрып, салтына сай болуына еркіндік берілген). Міне, Ислам діні осы тұрғыдан қазіргі таңда кең тараған жаһандану үрдісінен ерекшеленеді. Жаһандану мәселесіне қарасақ, бұл адамдардың ой-пікірін, санасын біріктіру екенін білеміз. Жақсылық-жамандық, сұлулық өлшемдеріне қатысты алып қарайық. Олар бір нәрсені шығарып береді, «міне, мынау сұлу болудың шарттары мен өлшемі, кім осыған сәйкес келсе сұлу, сай келмесе, сұлу емес» (дәлел бітімі, әсемдігі, бойы, т.б.). Осылайша, көптеген қыз-келіншектердің, әпке-қарындастарымыздың басы осы өлшеммен қатып жүреді. Яғни, жоғарыда жаһандық сипат алған талаптарға өздерін қораш сезінгеннен кейін, «бұл шарттарға сай емеспін, демек менде проблема бар» дегендей ойларға түседі. Жалпы қарап отырсақ, адамдардың түрі-түсі әртүрлі болғанымен, ойлау жүйесін бір нәрсеге байлап қою ұлттық ерекшелік, халықтық өлшемдерді жойып жіберуге алып келетін құбылыстар екенін байқаймыз. Ал, ислам мұндай көзқарастарды құптамайды. Сол үшін де дін – баршаға ортақ, онда баршаға ортақ, сондай-ақ халықтардың қалауларына қалдырылған мәселелер де бар.

Ислам шарифаты дұрыс ұғымдарды, ізгі мұраттарды бекітіп, бұрыс ұғымдарды тоқтату үшін келді. Сондықтан,

мұсылман халықтарындағы дәстүрлерді елеп-екшейтін басты безбен шарифат болып саналады.

Халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптар Ислам заңнамасындағы құқықтық нормалардың бастауларының бірі болып саналады.

Алла тағала: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен өмір ет және надандардан теріс айнал», – деп бұйырған.

Шарифатта халыққа үйреншікті болған жақсы дағдылар мен әдет-ғұрыптарды дәлел ретінде келтіруді барлық мазһабтардың имамдары қолдайды.

Дәстүр – сан ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың тарихи ерекшеліктеріне, құндылықтарына айналған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің Ислам дінінің құрылыстарымен ұқсастығы көп. Көптеген әдет-ғұрыптарда біз исламның белгілерін, құрылыстарын көреміз. Мысалы, Беташар ырымы да бар. Көбісі бұл әдетке мін табады. Мен бұл дәстүрді шарифатпен тікелей байланыстырамын. Қалай? Беташар келін үйге келгенде бітеді. Қазақ ешқашан келіннің үйге кіргізіп, асханаға жібермеген. Тағзым еткеннен кейін оны арнайы ырыммен, салтанатты рәсіммен үйге кіргізді. Мұның дінмен байланысы қандай? Шарифатта адамзаттың түрлі халықтарға, тайпаларға бөлінуі танысу мақсатында түсіндіріледі. Адамдар кездескенде, олардың арасында қарым-қатынас орнайды. Қоғам, митингі, қамқорлық, махаббат мұның бәрі танысудан басталады. Беташар кезінде келінді бүкіл әулетке, ал келінге келінді таныстырып, әрқайсысына тән ерекшеліктерді айтады. Яғни, беташар – шарифат мақсатының орындалуы және оның салтанатты түрде жүзеге асуы. Бұл – бірінші. Екіншіден, Алла тағала Құранда: «Үйге кірген кезде рұқсат сұраңдар және сәлем беріңдер» дейді. Үйге бей-берекет кіру исламдық әдептілікке жатпайды. Беташар кезінде келін бәріне бас иеді. Кейбіреулер «Алладан басқаға құлшылық қылмау керек» деп бұл әдетті жоққа шығарады. Ал, иілу кезінде келін сәлем беру, құрмет көрсету үшін еңкейеді. Егер ешкімге сәжде ету харам болса, Алла Адам ата жаратылғаннан кейін жандар мен періштелерге: «Мен оны құдіретіммен жараттым. Енді менің құдіретіме бас иіп, адамға құрмет көрсету, күйе шығару керек. Бұл – Алланың құдіреті мен ұлылығына құлшылық ету, адамды құрметтеу. Мойынсұнбаған, адамды танымаған Ібіліс қуылды, Алланың мейірімінен

айырылды. Бізде жылу

жинау (жәрдемге қаражат жинау) дәстүрі бар. Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) туыстарының бірі, яғни сахабалар қиын жағдайда қалғанда осылай жасады.

Мұның бәрі – салт-дәстүріміз шарифатпен тығыз астасып жатыр. Салт-дәстүрлеріміз дінге қайшы келмейді, қоғамның жағымды жақтарын қалыптастыруға ықпал ететін дәстүрлер дұрыс деп, ал діни наным-сенімге қайшы келетіндер қоғамға зияны дұрыс деп бөлектеледі. Құранда Алла тағала Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты үйрет», – дейді. Әдет дегеніміз не? Бұл – қоғамдағы жағымды жағдайлар. Дәстүрге саналы түрде қарау керек. Біреу дәстүрді жамандаса, оның себебін анықтау керек. Дінімізге, сенімімізге қайшы келмесе, керісінше, адасушылықты еске салу керек. Дәстүр мәселесін кеңірек, тереңірек қарастыру керек.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ырым-тыйымдарын терістеу – қазақ мұсылмандық мәдениетін жоққа шығару және мансұқтау үрдісі бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Ислам дінімен қатар түркілік заманнан қалған әдет-ғұрыптар шарифатқа қайшы келетін тәңірлік сенімнен қалған ырым-тыйымдардың көпшілігінің ғұрыптық (ритуалдық) жағы ғана бұрынғыша сақталып, сенімдік жағы, мазмұны мүлде өзгеріп кеткен, көбісі түсіне бермейді. Түркілік мәдениеттен қалған бірқатар ырымдардың негізінде көне тәңірлік сенімнің ізі бар екенін ешкім жоққа шығармайды, бірақ қазір мұндай ырымдарды ешкім ежелгі түсініктерге негіздеп жасамайтынын ескерген жөн. Мысалы, ақ босаға аттап, отқа май құйып жатқан қазіргі келіндер бұл ырымды от пен майға табынғандықтан жасамайды, ата-баба дәстүріне деген құрметпен жасайды. Яғни, қазақы танымда қалыптасқан «шырағым сөнбесін», «отым өшпесін» деген игі тілекпен қайырын Алладан тілеп, отқа май құяды. «Оттың өшпеуі», «шырақтың сөнбеуі» қазақ үшін азаматының, отбасының аман болуы, шаңырағының шайқалмауы, ел-жұрттың тыныштығы дегенді білдіреді. Бұл ғұрыптың астарында «отқа май құйғанда от қалай лауласа, өмірі де солай жайнай берсін» деген ырым да жатыр.

Ә.Әбіл,

аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

Дінаралық татулық – адамзат құндылығы

«Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылғандығын» Елбасы Н.Ә.Назарбаев ерекше атап өткен.

Дінаралық татулық тұғырын берік етуде мемлекет басшысы қоғамда діннің өсіп отырған рөлін толық сезінетін саясаткер ретінде, әлемдік және дәстүрлі діндер форумын Астана қаласында өткізуді ұсынғаннан бері, елімізде үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өткізілуде. Әлем және дәстүрлі дін лидерлері арасындағы келіссөз өзара ынтымақтастық үшін кең болашаққа жол ашып, біздің заманымыздың қасіреттері: фанатизм, зомбылық, экстремизм мен терроризм сияқты теріс көріністерді болдырмауға септігін тигізетінін бағамдаған. Съездердің жалпы мақсаты әлемдік және дәстүрлі дін нысандарында жалпы адами бейіндерді іздестіруге, дін келіссөзін жүзеге асыру және келісілген шешімдер қабылдау үшін үнемі әрекет ететін халықаралық конфессияаралық институт құруға негізделді. Съездер барысында өркениеттер конфессиялар, елдер мен халықтар арасында құрылымдық келісімді нығайту мен келіссөз орнату жолында батыл қадамдар жасалды. Сонымен қатар, осындай маңызды алуан іс-шараның үнемі ұйымдастырылып отыруы еліміздің дінаралық татулық алаңына айналғанын байқатады.

Қазақстан жерінде 130-дан аса ұлт өкілдері татулықта

өмір сүріп келеді. Бізбен көршілес кей елдердегі, тіпті алыстағы көптеген мемлекеттер өз ішінде даудамай туғызып, жанжалдасып, қанды шайқасқа дейін баратындары жайлы құлағымыз естіп, көзіміз көрген. Соларға біздің «жұмылғанда жұдырық, ашылғанда алақан» болып отырғанымыз үлкен сабақ болып жатқан шығар деген ой түйіп, «осы күнімізге де шүкір, тәубе» деп қоямын. Киелі қазақ шаңырағына уық болып қалған өзге этнос өкілдері «Қазақстан – достық пен татулықтың шынайы мекені» дегенді ұранға айналдырған. Ұлтаралық татулықты нығайтуға Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың өкілі келешек ұрпағымыз үшін этносаралық достықтың, конфессияаралық түсіністіктің қаймағы бұзылмауына еңбек етіп, атсалысады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы тұрақтылықты сақтаудың алғышарты ретінде бірінші экономиканы өркәндетудің қажеттілігін алға қойған. Сол себепті, «Алдымен экономикаға» қағидасын ұстана отырып, экономиканың әр саласында білек сыбана қызмет істеп жүрген барлық этностың басын қосып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құруы өзге халықтарға үлгі-өнеге бола білді. Қазақстан халқы Ассамблеясының міндеті – достықты нығайту ғана емес, оған қоса әр ұлттың тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, қоғамдағы тұрақтылықты нығайту бағытында түрлі іс-шаралар өткізу болып табылады.

Татулық бар жерде береке жүреді. Біздің қоғам әрқашанда татулық және достық деген кезде жұдырық болып жұмылып, ынтымақ бірлігі жарасып келген. Осы ретте достық, мейірбандылық, ізгілік, ынтымақтастық

сынды ізгі қасиеттерді ұлықтауда «Біз – бір елміз, біртұтас халықпыз» деген өбден негіз бар. Ислам діні қандай тамаша болса, оның мақсаттары да тамаша. Ислам діні достық, бейбіт дін болса, оған апаратын жолдар да дәл сондай болмақ. Біздің дініміз Алланың рақымына бөленер барша жақсылықты насихаттайды. «Уа, Адамзат! Біз сендерді бір еркек пен бір әйел жараттық. Бір-бірілеріңмен танысып, білісулерің үшін сендерді ұлыстар мен түрлі ұлттарға бөлдік. Араларыңдағы ең ізгілерің тақуалықта тым жоғары болғандарың» делінген қасиетті Құранда. Әртүрлі ұлт өкілдерінің тұратын елімізде татулық пен бірлікті орнату барша мұсылманға парыз. Ислам діні өзінен басқа діндер мен барша ұлттарға сыйластықпен қарайды. Мұхаммед Пайғамбарымыздың өмір жолында көпір болсын, мүшрік болсын татулық пен жарастықта өмір сүргенін көреміз. «Бір күні Алла елшісі қайтыс болған яһудиді жерлуге бара жатқанын көргенде, орнынан тұрып құрмет көрсеткен. Қасындағы сахабалары оның яһуди екендігін айтқанда: «Кім болса да жан иесі емес пе?» – деп тамаша жауап қатқан екен. Пайғамбарымыз ешкім ұлтты, діні деп бөліп жарып қарамаған. Алла тағала: «Біз сені әлемдерге рақым нұры шуағы етіп жібердік», – деп, пайғамбарымыз Мұхаммедті жер бетіне мейірімділік пен көркем мінездің үлгісі етті. Алла елшісінің бойындағы барша қасиеттерді бүкіл елдің, ұлттың бойынан табуға болады.

А.Сүйіндік,

аудандық мешіттің наиб имамы.

Денсаулық

Туберкулез дегеніміз не?



Туберкулез ауруының алдын алу бойынша айлық өткізу туралы

Туберкулезге қарсы күрес күніне орайластырылған «Біз туберкулезді жеңе аламыз!» ұранымен айлық өткізілуде.

Туберкулез дегеніміз не? Туберкулез (ТБ) – бактериялардан туындаған инфекциялық ауру. Әдетте, туберкулез кезінде өкпе зақымданады, бірақ, үрдіс буындарға, нәсепқапқа, омыртқа бағанына, миға және дененің басқа бөліктеріне тарауы мүмкін.

ТБ екі түрі болады: Жасырын немесе белсенді емес туберкулез: организмде бактериялар болғанымен, аурудың симптомдары туындамайды. ТБ бұл түрі жұқпалы емес. Белсенді туберкулез: организмде бактериялар болады және симптомдары туындайды. Науқас инфекция көзі болып, қоршаған адамдарға жұқтыруы мүмкін.

Аурудың симптомдары қандай? Туберкулез белсенді болмаса, аурудың ешқандай симптомдары болмайды. Белсенді туберкулездің симптомдары: 3 аптадан артық уақытқа созылатын, кейде қан қақырығы болатын жөтел. Кеудедегі ауырсыну, қызба, шаршау, жоспарланбаған салмақ жоғалту, тәбетті жоғалту, қалтырау және түнгі тершендік. Туберкулез буынды зақымдаса, артритке ұқсайтын ауырсыну пайда болуы мүмкін. Туберкулез нәсепқапты зақымдағанда нәсеп шығаруда ауырсыну және нәсепте қан байқалуы мүмкін. Омыртқа бағанының туберкулезі арқада ауырсыну пайда болуымен және аяқтың салдануымен сипатталады. Мидың туберкулезі бас ауыруы, жүрек айнуы және мидың зақымдануы (емделмесе) туындатады.

Дәрігер науқасты туберкулезге қалай тексереді? Көпшілік жағдайда туберкулезді анықтау кеуде қуысының шолу рентгенографиясы және қарап, тексерумен жүргізіледі. Оның барысында туберкулездің белсенділігі анықталып, басқа адамдарға жұқтыруға қабілеттілік анықталады.

Туберкулездің белсенді екендігін қалай білуге болады? Туберкулез бактериялары организмде болуы мүмкін, бірақ науқас ол туралы білмеуі мүмкін. Дегенмен, белсенді туберкулезде аурудың симптомдары көрініс береді. Белсенді туберкулезбен ауырған адам, толық емдеу курсы өткеннен өзінде өмір бойы ұдайы медициналық тексеруден өтіп, кеуде қуысының рентгенін түсіріп отыруы қажет, қайтадан туберкулезге шалдықпауы туралы сенімді болуы тиіс.

Туберкулез қалай емделеді? Туберкулезді емдеу үшін антибиотиктер тағайындалады. Дәрілік препараттарды таңдау жасқа, денсаулық жағдайына, туберкулез үрдісінің түріне (белсенді немесе белсенді емес), сондай-ақ, ТБ дәрілік препараттарға тұрақтылығына (препараттардың барлығы емдеуге жарамды емес) байланысты болады. Туберкулезден препараттарды 6-9 ай бойы қабылдау қажет. Дәрігер қанша уақыт бойы ішу қажеттігін айтады. Дәрігердің нұсқауын мұқият орындау керек. Ұмытпау үшін дәріні көрінетін жерде ұстаған жөн. Күнделікті бір уақытта қабылдағаны дұрыс. Қабылдауды өткізіп алмау, тоқтатпай қабылдау қажет. Олай болмаса, ауру емдеуге көнбеуі мүмкін.


С.Беримхан

«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК фтизиатр мейіrbікесі.

Ақтоғай аудандық орталық ауруханасының ұжымы Жидебай ауылының мейіrbікесі Кейкибаева Нурғайшаға анасы Құтжанова Мұғрипаның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құттықтаймыз!

Асқар тау әкеміз **Айнабаев Маратты** зейнеткерлік жасқа толған мерейлі сәтіммен құттықтаймыз!



Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз ұзағынаң, көрер қуанышыңыз молынан болсын. Өзеннің ағысындай, тұлпардың шабысындай, күн жағымыздан көлеңке, жел жағымыздан пана болып, бала-шағаныздың қызық-қуаныштарына кәсіліп, Алланың берген жасын жасай беруіңізге тілектеспіз. Шаңырағыңызда шат-шадыман күндер тарқамай, ырыс-нәсібеніз арта берсін!

Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз, Жаксылық пен қуаныштан тасыңыз. Ел-жұртының ортасында есеп-сау, Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз.

Ізгі тілекпен: жолдасы – Жанар, балалары.

Құттықтаймыз!



Құрметті Рятай!

Сізді 60 жасқа толған туған күнініңізбен құттықтаймыз! Бүгінгідей айтулы күнде баянды бақыт, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, жемісті еңбек, ұзақ ғұмыр тілейміз. Балаларыңыздың қызығын көріп, бәйтеректей тамырыңыз тереңге жайыла берсін. Еңбегіңіздің жемісін теріп, отбасыңыздың тірегі, ұжымыңыздың ақылшысы болып, әрдайым мәртебеніз биіктей берсін. Үлкен шаңырақта ақжаулықты әже болып ұрпақтарыңыздың қуанышын көре беріңіз!

Құтты болсын мәңшікті мерекеніз, Өркен жайсын нәмере-шөбереніз. 60 жас келіп жеткен құтты болып, Арта берсін бақ-дәулет, берекеніз.

Ізгі тілекпен: С.Ибраев атындағы НОМ ұжымы.

Құттықтаймыз!

Отбасының тірегі, құрметті де қадірлі ағамыз **Рахымбеков Абзал Оразбекұлы!**



Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Шаңырағыңызға шаттық, мықты денсаулық, жемісті еңбек, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Ақтоғай – алып туған

асыл дала,

Біртуар тумас болар ғасырда да. Найманбайдың Әсеті осы жерден, Күләшті көрін таныр, жасында да. Бүгін осы өңірде ұланасыр, Той болуы заңдылық, расында да. Абзал ағам, 60 жасың құтты болсын, Жаксылар тек табылсын қасында, аға! Асылдардың сынығы, ардақты ағам, Құтты болсын осы бір жасың дана! Ержан әнші айтқан «өмір-бағдаршамда», Дәйім сізге жанып жүрсін жасыл ғана!

Тілек білдіруші: Гүлденсін, Ерік-Гүлшахара.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Искаков Рымбек Көпболсынұлы!**



Сізді алда келе жатқан мерекемен тұстас 23 наурыз күні 60 жасқа толатын мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, өзіңізге осы қуанышты күні деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалының, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз.

Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына жете беріңіз!

Әрбір белес, әр бір асу, ол – бір із, Қашанда жаксылыққа сендіңіз. Өмір жолда туыстарға үлгі боп, Міне, сіз де 60 жасқа келдіңіз.

Ақ тілекпен: Саят, Ғабит, Қайрат, Дулат К., Махат, Дулат М., Еламан, Бауыржан, Алтын, Маржан.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, отбасының ұйытқысы болып отырған құрметті **Айгүл Аманкелдіқызы!**

Сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Елжүлі жасқа қадам басқан сізге мол қажыр-қайрат, зор денсаулық, жемісті еңбек, отбасыңызға амандық тілейміз. Бақытты ғұмыр кешіп, туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ортасында отағасы Жәнісмен бірге талай асқаралы бел-белестерден аман-есен өтіп, берекелі де мерекелі ұзақ өмір сүруге нәсіп етсін. Алла берген балаларыңыз бен нәмерелеріңіздің қызығын көре беруіңізге тілектеспіз. Жанұяларыңыз бақыт пен шаттыққа толы болып, арайлы күндеріңіз таусылмай, қуаныш пен қызыққа бөлене беріңіздер!

Шаңыраққа шаттық пен шуақ толсын, Алаңсыз, уайымсыз ғұмыр болсын. Отбасында бақытты өмір сүріп, Үйлеріне бақ дарып, Қыдыр қонсын!

Ізгі ниетпен: Сүлейімбековтер әулеті.

Құттықтаймыз!



Әулетіміздің ақылшысы, қамқоршысы, өзінен кіші бауырларына мейірін төгіп, мерейін өсіруге барын салған қадірлі де аяулы әпкеміз **Смайлова Ардақ Жұмабекқызын** шуақты көктемде келіп жеткен мерейлі 60 жасымен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалының, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Өзіңізге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырағына шаттық орнауын, Төңірдің шексіз қолдауын тілей отырып, мына өлең жолдарын жолдаймыз:

Ағайын-туысқанмен ортаң толсын, Бір көрген адам сізге көңілі толған. Туысқан, бауырларға сыйлы болған, Тойыңыз әрқашанда тарқамасын, Өзінді балаларың арқаласын. Жасына дәл осындай жас қосылып, Көңілін дариядай жарқырасын.

Ізгі тілек білдірушілер: аға-женгеніз – Қасым-Нәсжан, бауырларыңыз, келіндеріңіз, сіңлі-күйеу балаларыңыз, жиендеріңіз.

Хабарландыру

Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының қатарына тіркелу басталды. Еңбек маусымына 2023 ж. 1 маусым жағдайы бойынша 14 жастан 34 жасқа дейінгі (қоса алғанда) жастар қатыса алады.

Тіркелу 2023 жылдың 15 наурызы мен 15 сәуір аралығында жүргізіледі. Қосымша ақпаратты Ақтоғай ауданының Жастар ресурстық орталығынан біле аласыздар. Байланыс мәліметтері: Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 8а үй. Тел: 8 (71037) 2-13-55, 8771 528 3637, @aktogai_zhastar

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Құрметті асқар тау әкеміз,
немерелерінің сүйікті
атасы **Рахымбеков Абзал
Оразбекұлы!**

Сізді адам өмірінің айтулы
белесі 60 жасқа толған мерей-
тойыңызбен шын жүректен
құттықтаймыз! Сізге зор ден-
саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.
Немере қызығына тоймай,
шөбере қолынан су ішініз! Абы-
ройыңыз асқақтай берсін дей
отырып, мына өлең жолдарын
арнаймыз:

Асыл әке, ардағы ұл-қызының,
Бәрін болжап жүретін алдағының.
Қамқорымыз сіз келіп 60 жасқа,
Қуанып жатыр, міне, отбасы, бала-шаға.
Ізгіліктің нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!
Тойыңыз әрқашанда тарқамасын,
Өзіңді балаларың арқаласын.
Жасыңа дәл осындай жас қосылып,
Көңілің даридай жарқырасын.

**Тілек білдіруші: балалары – Мақсат-Гүлназира, Ерсін-
Гүлдана, Ернар-Айнаш, немерелері және
анамыз – Гүлшара.**



Шаңырағының тірегі,
балаларының сүйікті ана-
сы, құрметті де қадірлі
апамыз **Смағұлова Файни
Мәжікенқызын** наурыз
айында 60 жасқа толған
туған күнімен шын жүректен
құттықтаймыз! Сізге мық-
ты денсаулық, қажымас
қайрат тілейміз. Алланың
берген жасын жасап, әрбір
күнін мерейлі де мерекелі
сәттерге тола берсін. Әр-
уақытта ақжарқын мінез, адал көңіліңізбен туған-туыс,
дос-жарандарыңыздың арасында абырой-құрметке бөле-
ніп, еңбегіңіздің зейнетін, бала-шаға, немерелеріңіздің
қызық рахатын көріп, әлі талай асулардан аса беруіңізге
тілектесіп.

Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын,
Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.
Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,
Періштенің құлағына шалынсын.

Ігі тілекпен: бауырларыңыз – Асхат-Ардақ, Әлихан

**Құрметті Ардақ
Жұмабекқызы!**

Сізді асқаралы 60 жасқа
келіп жеткен мерейтойы-
ңызбен шын жүректен құт-
тықтаймыз!

Сізге мол қажыр-қайрат,
зор денсаулық, отбасыңызға
амандық, құт-береке тілей-
міз. Бақытты ғұмыр кешіп,
әрдайым ортамызда ойнап-
күліп, қартаймай жүре бері-
ңіз. Дос-жаран мен туған-
туыс алдында абыройыңыз артып,
айтылған ақ тілектер
періштенің құлағына шалынсын
дейміз. Жасыңызға жас
қосылып, еңбегіңіздің жемісін
көріп, әрдайым сыйлы
ортада мәртебенің биіктей берсін.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман боп жанұяң мен туыстарың,
Жалғансын ақ тандарың нұрын шашқан.

**Ігі тілекпен: Панар-Мейрам, Рысалды-Ермек,
Гүлбарам-Талғат, Нұрғай, Макпал-Мейрамбек,
Сәулет-Өміржан.**



Құрметті әріптестеріміз **Смайлова Ардақ Жұмабекқызы,
Смағұлова Файни Мәжікенқызы!** Сіздерді 60 жасқа
толған мерейтойларыңызбен құттықтаймыз!

Өмірдің бар жақсылығын, мерекесі мен берекесін
тілейміз. Адам өмірінің ең елеулі күндерінің бірі – туған
күндеріңізде сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат,
асыл ойларыңыздың орындалуына, шаңырақтарыңыздан
той-думан арылмасын деп тілейміз. Бар бақытты отбас-
тарыңызға тілейміз.

Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройларыңыз артып,
айтылған ақ тілектер періштенің құлағына шалынсын.

Ақтоғай аудандық орталық аурухананың ұжымы.

Ақтоғай ауылының тұрғыны,
қадірлі әріптесіміз **Ардақ
Жұмабекқызы!**

Сізді 60 жасқа толған мерей-
тойыңызбен шын жүректен құт-
тықтаймыз!

Сіз көп жылдар бойы білікті-
лігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы
ұптастыра отырып, ауданымыз-
дың денсаулық сақтау саласына
сүбелі үлесіңізді аянбай қосып
келесіз. Сізге мәнді де мағыналы
ұзақ өмір, жемісті еңбек пен
саркылымас қуат тілейміз. Елге
абыройлы болып, көңіліңіз шаттық пен
қуанышқа толсын. Арайлап атқан әрбір таң сізге тек бақ пен
береке әкелсін дегіміз келеді.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Жүзге жетіп, баянды ғұмыр кешіп,
Арта берсін абырой-беделіңіз.

**Ігі ниетпен: Камшат, Төлеу, Мамық, Айсұлу, Панар, Баян,
Диля, Қарлығаш, Ақбота, Бота, Жанар, Мәлдір.**



Құрметті көршілеріміз **Ардақ Жұмабекқызын** 60 жасқа,
Тілеуберлі Камериятты 50 жасқа толған мерейтойларымен
шын жүректен құттықтаймыз!

Өмірдің биігі, елеулі белес, айтулы асуға жеткен
мерейтойларыңыз мерекемен астасып, қуаныш-қызықпен
көмкеріліп, орталарыңызда зор бақыт, арайлы сезімге бөленіп,
шаттаныңыздар дейміз. Асқақ арман, асыл мұраттарыңыз
орындалып, бақыт пен баяндылықтың шапағатына бөлене беруді
нәсіп етсін. Әлі де талай қызықтарға көңіліңіз, өмірдің тек жемісін
көріңіздер!

Алдарыңызда алтын күн арайлансын,
Шаттығыңыз көбейіп шырайлансын.
Мерейлі осынау туған күндерде,
Күмбір күйлер төгіліп, күй ойналсын.

**Құттықтаушылар: Болат-Бұлбұл, Нұрлан-Айгүл,
Қанат-Дина, Мейрам-Сақышжамал, Саят-Жанат, Қайыр,
Мұратбек-Бақша, Қуаныш-Мамық, Қуандық-Бибігүл,
Төлеген-Гаухар, Тимка-Айнаш.**



Аса құрметті біздің қамқоршы Төтеміз, қарындасым **Ардақ
Жұмабекқызы!**

Сізді бүгінгі мерейжасыңызбен құттықтап, зор денсаулық, мол
бақыт, арайлап атқан әрбір таң қуаныш сыйласын демекпіз.
Елге елеулі, халыққа қалаулы болып аудандық медицина
саласында абыройлы қызмет жасалыңыз. Әлі де болса, халыққа
қызмет жасаудан талманыз.

Құрметті Төте! Сіздің туған күніңізде ерекше тілек айтып,
қаншама өлең жазсақ та болады. Бірақ, сізге деген жүректен
махаббатымызды сөзбен де, қаламмен де жеткізе алмаспыз
анық. Сіз – біздің Әкемізсіз, сіз – біздің анамызсыз. Әкеміз
Бекайдар, анамыз Ұлжан өмірден ерте өтіп, жанымыз
жабырқағанда қасымызда қорған болып, қанатыңыздың астына
алып, пана болдыңыз. Өмір сынағы жанымызды аяздай қарып
өткенде, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай,
өмірдің ызғарына тоңдырмай, әкеміздей ардақтап, анамыздай
аялап, осы күнге жеткіздіңіз. Алланың нұры жаусын сізге!
Аман болыңыз, біз сізді құрметтейміз, қадірлейміз, әркез
өзіңізді сыйлап, бағалаймыз. Ғасыр жасанғыз, Төте, біздің
қуаныш-қызығымызды қызықтанғыз, ақсаулықты әже болып
тойымызда, қуанышымызда тілек айтыңыз!

**Аса құрметпен: Бекайдардың балалары – Әділет, Балнұр,
Жанагүл, Нұрсұлтан, Ерасыл және ағасы – Қасым, жеңгесі
– Нәсжан.**



Өзің кіші бауырларына мейірін
төгіп, мерейін өсіруге барын салған,
пейілі даладай дархан қадірлі
апамыз **Ардақ Смайлваны** 60
жасқа толған мерейжасымен шын
жүректен құттықтаймыз!

Алпыс – талтүс. Алда әлі талай
асулар мен белес-белдер бар.
Сізге жарқын да мағыналы өмір,
көтеріңкі де кіршіксіз көңіл,
деніңіздің саулығын, отбасының
амандығын тілей отырып, қызыққа
толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің
ыстық ықыласы мен құрметіне
бөлене беріңіз дейміз. Жасыңызға жас қосылып, еңбегіңіздің
жемісін көріп, бауырларыңыздың ақылшысы болып, әрдайым
сыйлы ортада мәртебенің биіктей берсін!

Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!

**Ігі тілекпен: қызы – Айгерім, бауырлары – Бота,
Мінайдар, сінлі-күйеубалалары – Дария-Қуаныш, Әсел-
Баубек, Айдос, Жанагүл-Бектас, жиендері – Айым, Нұрай,
Айдана, Әмира, Әли, Назым, Арсен.**

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор міндетін атқарушы: Д.КАБЫЛ

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті
редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер
орталығында қатталып, Қарағанды
қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де
басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі
газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 1200 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан
материалдар қабылданбайды.**

